



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

**РОЭК ОӘБ мәжілісі аясындағы
«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН
ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» АТТЫ
47-ШІ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

26-27 қаңтар 2017 жыл

4 КІТАП

**МАТЕРИАЛЫ
47-ОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ
И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ УНИВЕРСИТЕТОВ»
в рамках заседания УМО РУМС**

26-27 января 2017 года

КНИГА 4

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Затов Қ.А. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН ҚАТЫНАСТАРЫ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	127	М
Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А., Тойшубекова Ж.К. ОТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	128	Б
Иманалиева Ф.Қ. МЕДИА-МӘТІНДЕРІНДЕГІ ЭМОТИВТІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ БЕРІЛУІ.....	131	М
Кальш А.Б., Исаева А.И. К МЕТОДОЛОГИИ ЭТНОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....	134	М
Қамзин К. «ЖУРНАЛИСТИКАҒА КІРІСПЕ» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ КЛАССИКАЛЫҚ ӨНЕР ҮЛГІЛЕРІНІҢ РОЛІ.....	136	М
✓ Қартабаева Е.Т. «ИСЛАМ ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ДІНИ ЖҮЙЕЛЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ» ПӘНІНДЕ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ҮШТАСТЫРУ.....	141	Н
Касымова Г.М. ГАРМОНИЗАЦИЯ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ ПОЛИЯЗЫЧИЮ ИЗ ПРАКТИКИ УНИВЕРСИТЕТА СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЯ.....	143	М
Кәрібаев Б.Б. ЕЛБАСЫНЫҢ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ЖОО СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА ТИІМДІ ТҮСІНДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	145	Н
Ким А.М., Джаркешев К.И., Рогалева Л.Н., Бредихина Я., Лоцанов М. МЕНТАЛЬНЫЙ ТРЕНИНГ И ЕГО РОЛЬ В САМОРАЗВИТИИ И САМООБРАЗОВАНИИ ЧЕЛОВЕКА В СПОРТЕ И ЖИЗНИ.....	146	Н
Конуспаев С.Р., Журтбаева А.А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РЕЗУЛЬТАТОВ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ПРИ ПОДГОТОВКЕ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ.....	148	И
Кудайбергенова С.К., Мадалиева З.Б., Баймолдина Л.О. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОРГАНИЗАЦИИ ЭКЗАМЕНАЦИОННОЙ СЕССИИ В ВУЗЕ.....	149	Аб
Кулиев И.О., Иляшова Г.К. БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ.....	151	О
Қыдырбаев Б.М. КОРЕЙ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСІ.....	154	Ис
Қылышбаева Б.Н., Дүйсенова С.М. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ КОНФЛИКТОЛОГИИ ДЛЯ БУДУЩИХ СОЦИАЛЬНЫХ РАБОТНИКОВ.....	156	О
Қалиолла А., Анипина А.К. МӘДЕНИЕТТІК БІЛІМ – САПАЛЫ АУДАРМАНЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ.....	158	К
Қалымбетова Э.К., Болтаева А.М. БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ.....	160	О
Қалымбетова Э.К., Дүйсенбеков Д.Д. ӨМІР БАРЫСЫНДА БОЛАШАҚ КӘСІБИ ЖОСПАРДЫ ҚҰРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ.....	162	О
Қамбарбекова Ф.Ә. ШЫҒЫСТАНУШЫ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ КАДРМЕН ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ.....	164	К
Қаражан Қ.С. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	167	О
Қожахметов Б.Т., Мукашев Ж.Қ., Ақмолдаева Б.Қ. КАДАСТР МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ «ФОТОГРАММЕТРИЯ» ЖӘНЕ «ЖЕРДІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ЗОНДЫЛАУ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	169	Ө
Қозыбақова Ф.А. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ.....	171	Қ
Қойбақова А.С., Шарықазы Н. ҚЫТАЙ ТІЛІН ҮЙРЕНУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ОРНЫ.....	173	Р
Қортабаева Г.Қ., Ешметова Б.Б. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ОҚЫТУ.....	174	П
Құлжанова Б.Р. ӨЗ БЕТІНШЕ БІЛІМ АЛУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ.....	177	С
Қыдыр Т. АРАБ, ПАРСЫ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕНЕТІН СТУДЕНТТЕРГЕ ЕСКІ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫ ОҚЫТЫП ҮЙРЕТУДІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	178	С
Лашиук М. РАЗВИТИЕ АЭРОКОСМИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	179	Ж
Махарова Г.С., Тастемирова Б.И. КЕЙБІР АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ – ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРМАДАҒЫ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ.....	181	С
Медетбекова П.Т., Исмаилова Н.А. ЖИЛІК СӨЗДІКТІҢ ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ.....	183	С
Медеубекұлы С. ЖУРНАЛИСТИКА МАМАНДАРЫНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ КӘСІБИ БІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	187	О
Мәмбетова М.Қ., Мәмбетова А.Қ., Медетбекова П.Т. ТІЛДІК САНАДАҒЫ КЛИШЕЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ.....	191	С
Мәтбек Н.Қ. ШЕТЕЛДІК ТЫҢДАУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖАЛҒАУЛАРЫН МЕНГЕРТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	194	Х
Мәтбек Н.Қ., Оразбаева Х.Қ. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕ МЕНГЕРТУ ЖОЛДАРЫ.....	196	С
Мәулет Б., Ахметбек Г. ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІ ОҚУТЫДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	198	Б

		Кончак, хор			Глазунов	
25	4-акт	Ярославнаның сыңсуы	1875	1875	Бородин	Бородин
26	4-акт	Хор	1879	1879	Бородин	Бородин
27	4-акт	Ярославна мен Игорьдің речитативі және дуэті	1876	1876	Бородин	Римский-Корсаков
28	4-акт	Гудочниктер әні, корініс және хор	—	—	Бородин	Римский-Корсаков
29	4-акт	Соңғы хор: Скула, Ерошка, хор	—	—	Бородин	Бородин/Римский-Корсаков

«Князь Игорь» операсының сахнаға шығару жүйесі (сценарийі).

Қазақ ақыл-ой ғаламы мен ақпараттық кеңістігі ежелден заңдылықтарға, тенденцияларға, жаңа лепке, сауатты жүйелеуге ықылас білдірген, барынша бейіл бере білген. Тегінде, «жүйелі сөз жүйесін табады» деген байлам ғасырлар бойы жинақталған тәжірибеден бастау алса керек. Сондықтан біз «Журналистикаға кіріспе» пәніне байланысты өзіміздің талай жылдан бері пайдаланып келе жатқан методикамызды, өзіміздің шәкірттермен тілдесу, пікірлесу стилімізді ғылыми-педагогикалық қауымдастық назарына ұсынып отырмыз.

Қартабаева Е.Т.

«ИСЛАМ ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ДІНИ ЖҮЙЕЛЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ» ПӘНІНДЕ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ҰШТАСТЫРУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінде қалыптасқан мамандықтардың бірі педагогикалық тарих мамандығы. Бұл мамандық үш сатылы білім беру жүйесінің үшеуін де қамтиды. Мамандық аясында оқытылатын элективті пәндердің қатарында ислам тарихына қатысты бірқатар пәндер бар. Мысалы, бакалавриат пен магистратурада: «Діндер тарихы», «Әлемдік діндердің салыстырмалы тарихы» (ағылшын тілінде), «Исламдағы әр түрлі бағыттардың қалыптасу тарихы», «Орта ғасырлардағы араб-түрік мәдени байланыстарының тарихы», «Орталық Азиядағы сопылықтың тарихы», «Ислам тарихын оқытуда діни жүйелерді салыстырмалы талдау» атты пәндер оқытылады. Осы пәндердің ішінде конференцияда талқылауға ұсынылып отырылған менің авторлығыммен дайындалған «Ислам тарихын оқытуда діни жүйелерді салыстырмалы талдау» атты пәнді жүргізудегі ғылым мен білім беруді ұштастыру мәселесі болып отыр. Пәннің мақсаты Қазақстанның негізгі халқы ұстанатын ислам дінінің тарихын оқытуда басқа да әлемдік діндерді исламмен салыстыра отырып, бұл діндердің ортақ тұстары мен ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Аталмыш пәнге магистранттар, таңдау пәні ретінде аса қызығушылық танытып, соңғы жылдары оқу жоспарынан түспей, жыл сайын оқытылып жүргені қуантарлық жағдай. Мұның басты себептерінің бірі дін мәселесінің қоғамдағы өткір мәселенің бірі болуымен байланысты. Қазіргі таңда әлем дамуының негізгі беталысы халықтардың рухани дамуы парадигмаларымен анықталып отырғаны көпшілікке мәлім. Бұл жөнінде ХХ ғасырдың ортасында өмір сүрген француз философы әрі мемлекеттік қайраткері А.Мальро: «ХХІ ғасыр руханият ғасыры болады немесе ол мүлде болмайды» [1] – деп көрегендікпен көрсетіп кеткен болатын. Руханияттың шынайы бастауы дін екендігінде күмән жоқ. Алайда қазіргі діндер адамның рухымен жұмыс жасаудың орнына, көп жағдайда руханияттан мүлде алыс мәселелермен айналысып кеткендей ой туғызады. Соңғы кезде қаптап кеткен әр түрлі секталарды былай қойғанда, дәстүрлі діндердің өзі бір қоғамда өмір сүріп жатқан жекелеген адамдар мен бүтіндей ұлттарды бір-бірінен ашақтататын, тіпті қарсы қоятын әсіре ұлтшылдық немесе әсіре конфессияшылдық сияқты және басқа да саяси бағыттағы мәселелермен айналысуды өздерінің басты міндетіне айналдырып алған сынайлы. Қазақстанның негізгі халқы ұстанатын ислам дінінің өз ішінде де (әр түрлі секталарында) шынайы руханияттан гөрі, жалған діншілдік, ұраншылдық, өзі ұстанатын дін ғана ең дұрыс деп санайтын төзімсіздік және басқа да жағымсыз сипаттағы құбылыстар байқалады.

Қалыптасып отырған осы күрделі халықаралық жағдай қоғамдағы дін мәселесін қайта қарап, әсіресе дінаралық сұхбат мәселесіне ерекше көңіл бөлудің қажеттілігін анықтап отыр. Аталмыш бағыттағы іс жүзіндегі шараларды Елбасы Н.Ә.Назарбаев алғашқылардың бірі болып қолға алып, 2003 ж. әлемдік және дәстүрлі діндердің алғашқы съезін шақырғаны бәрімізге белгілі. Осы үлкен жиында сөйлеген сөзінде Президент: «Біртұтас діни кеңістік қалыптастыру мүмкін емес. Ұлы діндердің негізінде жатқан айырмашылықтарды жоюға да болмайды. Алайда тұрақты сұхбаттың құндылығы сонда, пікірлердің сануаландығына қарамастан алтын дінгеқ сақталады. Және ең бастысы – сұхбат бейбітшілік пен келісім территориясын, үйлесімділік пен ашықтық уақытын қалыптастырады. Діни сұхбаттың күмәнсіз құндылығын мен осыдан көремін», – деген болатын. Бүгінде біздің еліміз, әлемдік дін басшыларының құрылтайы өткізілетін тұрақты мекенге айналды. Жай ғана барлық дін өкілдері емес, әлемнің жетекші теологтары бас қосатын дәл осындай екінші жер ғаламшардың өзге жерінде жоқ.

Дінаралық сұхбатты іс жүзіне асырудың нақты тетіктерінің бірі сол діндердің негіздерін тарихи тұрғыдан тереңінен зерттеу болып табылады. Әсіресе, қазіргі әлемде лаңкестік пен төзімсіздіктің ошағы ретінде қарастырылып отырған ислам дінінің негіздерін, өкінішке орай, мұсылмандардың өздері де, мұсылман еместер де жете біле бермейді. Қазіргі әлемде қалыптасып отырған исламофобия құбылысының (ислам алдындағы үрей мен қорқыныш) басты себебі де осында жатса керек. Сондықтан да исламды түсіндіру қажеттілігі мешіттердің